

**Балаларды қамтамасыз етумен байланысты тағам өнімдерін қайта сатып
алу конкурсына қатысуға жіберілгендігі туралы хаттама**

Астана қ., Манас көш., 17/1, 2023 ж. 15 мамырдағы сағ. 10.00
(өткізу орны) (күні және уақыты)

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-не
тағам өнімдерін жеткізушіні тандау бойынша конкурс
(тауардың атауы) (ұйымның атауы)

1. Конкурстық комиссия құрамында:

Комиссия төрағасы:

Цечоева Татьяна Александровна директор;

Төраға орынбасары:

Смагулова Анаргуль Нухаевна ЕПЖ бойынша директордың
орынбасары (іс-сапарда);

Комиссия мүшелері:

Жаксылыкова Нургуль Карабалиевна аға медбике;
Абдуалиева Найля Нургалиевна экономист;
Сакенова Гульмира Мухамедьевна қойма меңгерушісі.

Комиссия хатшысы:

Омаров Бакыбай Тлеулесович мемлекеттік сатып алу бойынша
менеджері

2023 жылғы 15 мамырда сағ. 10.00-де Астана қаласы әкімдігінің
«Мамандандырылған балалар үйі» КММ-не тағам өнімдерін тасымалдаушыны
таңдау конкурсына өтінімдерді қарастырды.

2. «Балаларды қамтамасыз етумен байланысты тағам өнімдерін қайта сатып
алу» конкурсына өтінім ұсыну мерзімі аспай тұрғанға дейін өтінімдерін ұсынған
келесі ықтималды тасымалдаушылар

(конкурстық өтінімді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін өтінім ұсынған барлық ықтималды
тасымалдаушылардың атауы, мекенжайы, конкурсқа өтінім ұсынған уақыты)

1. «RUNAR GROUP COMPANY» ЖШС Павлодар қ., Естай көш., 101-48
өтінім 2023 ж. 11 мамыр сағ. 10.50-де Б.Н. Баймағамбетовпен 2023 ж.
10 мамырдағы №78 сенімхатпен №3,4,5,7,8 лоттарға тапсырылды;

2. «KEZI» ЖШС Астана қ., Әбікен Бектұров көш., 1/2, 144 Н.П. өтінім 2023 ж. 11 мамыр сағ. 11.50-де А.Н. Омаровамен сенімхатпен №1,2,5,6,8 лоттарға тапсырылды;

3. «BEST FRIDAY» ЖШС Астана қ., Абылай хана даңғ. 25/2, пәт.56 өтінім 2023 ж. 11 мамыр сағ. 11.55-те директоры А.Н. Омаровамен №1,2,6 лоттарға тапсырылды.

конкурстық комиссияның отырысында отырғандарға жарияланды.

3. Конкурсқа қатысуға келесі өтінімдер конкурсқа қатысуға қабылданбады:

«BEST FRIDAY» ЖШС Астана қ., Абылай хана даңғ. 25/2, пәт.56 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №412 бұйрығымен бекітілген Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 24-тармағына сәйкес толық құжаттарды ұсынбағанға байланысты конкурсқа қатысуға өткізілмейді, атап айтқанда:

- конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтері жоқ;

- конкурстық құжаттамада көрсетілген Тапсырыс берушінің банктік шотына конкурстық өтінімдерді ашу күнінде конкурсқа бөлінген сомадан 1% мөлшерінде өтінім қамтамасыз ету кепілдігіне ақшалай түсім жоқ;

«RUNAR GROUP COMPANY» ЖШС Павлодар қ., Естай көш., 101-48 Қағидалардың 24-тармағына сәйкес толық құжаттарды ұсынбағанға байланысты конкурсқа қатысуға өткізілмейді, атап айтқанда:

№ 3 лоты бойынша:

- құжаттар пакеті тігіліп және беттері нөмірленіп ұсынылмаған, конкурстық өтінімнің қолдану мерзімі көрсетілмеген, мемлекеттік тілде техникалық тапсырмада №8 лот көрсетілген және техникалық тапсырмаларда басшының қолы жоқ;

№ 4 лоты бойынша:

- мемлекеттік тілде өтінімнің қолдану мерзімі көрсетілмеген, мемлекеттік тілде техникалық тапсырмада №7 лот көрсетілген;

№ 5 лоты бойынша:

- мемлекеттік тілде өтінімнің қолдану мерзімі көрсетілмеген;

№ 7 лоты бойынша:

- өтінімнің қолдану мерзімі көрсетілмеген, мемлекеттік тілде техникалық тапсырмада №4 лот көрсетілген;

№ 8 лоты бойынша:

- мемлекеттік тілде өтінімнің қолдану мерзімі көрсетілмеген, мемлекеттік тілде техникалық тапсырмада №3 лот көрсетілген.

4. «KEZI» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстық талаптарға сәйкес келеді.

5. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен былай деп шешті:

1) «KEZI» ЖШС-гі конкурсқа қатысуға жіберілсін;

2) Қағидалардың 24-тармағымен қарастырылған құжаттарды толық ұсынылмағанға байланысты келесі әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысуға жіберілмесін:

- «BEST FRIDAY» ЖШС;

- «RUNAR GROUP COMPANY» ЖШС.

3) Астана қ. Манас, 17/1 мекенжайы бойынша 2023 ж. 15 мамырда сағ. 15.00-де конкурсқа қатысуға жіберілген «KEZI» ЖШС-нің құжаттары қарастырылсын.

Осы шешімге дауыс берді:

Жақтаушы - 4 дауыс (Цечоева Т.А., Жаксылыкова Н.К., Абдуалиева Н.Н., Сакенова Г.М.);

Қарсы - 0 дауыс.

1 – іс-сапарда болғанға байланысты дауыс бермеді.

Қолдары:

Цечоева Т.А.

Жаксылыкова Н.К.

Абдуалиева Н.Н.

Сакенова Г.М.

Омаров Б.Т.

